## Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

**Өтілген күні: 18.11.2021 жылы сағат 17.30-да**

Өткізілу формасы: ЗУМ платформасы (қашықтықтан)

**Қатысқандар:**

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

5-11 сынып ата-аналары

Барлығы – 55 ата-ана

**Күн тәртібінде:**

1. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы

2.Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың, өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы Ермахан Б.Б.,мектеп педагог-психологы

3.Үйірмелер мен спорттық секциялар туралы

4. Мектептегі қауіпсіздік және тәртіп ережелері

5.Жаңа жылдық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу туралы

**Тыңдалды:**

1.Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры Айтбаева Мейрамгуль Женисовна сөйледі.

Биылғы 2021-2022 оқу жылының 1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті. Қорытынды бойынша қанша оқу озаты, оқу екпіндісі болғанын, оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту,орындалу барысын толықтай баяндап берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар туындамады.

2.Екінші сұрақ бойынша өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы мектеп педагог-психологы арнайы презентация, видеороликтер көрсетіп, ата-аналарға пайдалы кеңестер берді.

3.Үшінші сұрақ бойынша мектепте өткізілетін сабақтан тыс үйірмелер мен спорттық секциялардың өту және орындалу барысымен бірлестік жетекшілері 1 тоқсанда өтілген жұмыстар туралы ата-аналар алдында фотоотчетпен, слайдтармен есеп берді.

4.Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары сөз алды. Оқушылар мектепке мектеп формасын киіп, таза күйінде сабақ басталар алдында 10 минут қалғанда кешікпей келулері керек.

Мектепке кіргеннен кейін оқушылар сыртқы киімдерін және аяқ киімдерін шешіп екінші аяқ киімдерін киеді, шаштарын әдемілеп, киімдерін дұрыстап, сыныпқа кіріп оқу құралдарын дайындап мұғалімді күтіп отырады.

• Өрт қауіпсіздігі, Жол ережелерін оқып, біліп және со Ережелерді сақтауға міндетті.

• Оқушылар бір- бірімен достық, әдептілік, қайырымдылық қарым- қатынаста болу керек.

• Оқушылар, үлкен адамдарды сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге оларға керек болғанда көмектесуге; мектептің, өзінің және басқаның мүлігін сақтап, ұқыптылықпен қарауға: мұғалімдердің және мектептің басқа жұмыскерлердің талаптарын орындауға міндетті.

• Оқушылар бір-бірін атымен атап, үлкен адамдардың тегін атап "сіз" деп және бөтен адамдарға да "сіз" деп сөйлеседі.

• Оқушылар үлкен адамдарға жол беріп; кішкентай оқушыларды алдымен жіберулеріп және де ұллар қыздарға жол берулері керек.

5.Жаңа жылдық мерекелердің ұйымдастыру барысы туралы тәрбие ісі орынбасары Қалхаман А.С , барлық ертеңгіліктер мен маскарадтар мектеп акт залында,спорт залында тегін ата-аналар мен ұстаздардың ұйымдастыруымен өтетінін айтып өтті.Ата-аналар тарапынан сұрақ болған жоқ.

**Шешімі:**

1. Оқушылардың 1 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Өз өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін
3. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып,сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.
4. Мектептегі қауіпсіздік ережелер мен тәртіп ережелері сақталсын
5. Жаңа жылдық ертеңгіліктер мен балдық маскарадтар ата-аналар,оқушылар және ұстаздардың ұйымдастыруымен мектеп қабырғасында өткізілсін.

Жиналыс төрайымы: /Айтбаева М.Ж./
Жиналыс хатшысы: /Болегенова Г.Т../

## Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының №2 хаттамасы

**Өтілген күні: 18.01.2022 жылы сағат 15.30-да**

**Қатысқандар:**

**Өткізілу формасы: ЗУМ платформасы (қашықтықтан)**

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

5-11 сынып ата-аналары

Барлығы – 63 ата-ана

**Күн тәртібінде**

1. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б.

2.Оқушылар арасындағы буллинг және кибербуллингті алдын алу туралы

Ермахан Б.Б., мектеп педагог-психологы

3.Жалпы оқыту қорының және бастауыш сыныптарының тегін тамақтануы жөнінде тәрбие ісінің меңгерушісі Қалхаман А.С.

4. Қысқы қауіпсіздік ережелері Қалхаман А.С.

5. «Covid-19» алдын алу шаралары мектеп медбикесі

Тыңдалды:

1.Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі  Алибекова Ш.Б сөйледі.

Биылғы 2021-2022 оқу жылының 2 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті. Қорытынды бойынша қанша оқу озаты, оқу екпіндісі болғанын, оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өтуі, орындалуы барысын толықтай баяндап берді. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2 Екінші  сұрақ бойынша мектеп психологы Ермахан Б.А сөйледі.

-Буллинг дегеніміз не? Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол: адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу;  оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бүлдіру;  сол жайында өсек тарату;  оны елемеу немесе жекелету;  ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою;  ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру; қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту.  Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады. Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреудің  күш көрсетпей, қорлап, қорқытқаны. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда: • уайымдау • ұйқының бұзылуы • тәбеттің болмауы • өзі жайлы жаман ойлау • өз-өзіне физикалық зақым келтіру • өлім туралы ойлау • сабақ үлгерімдерінің нашарлауы • ауыру • «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ата-аналарға презентация көрсетілді.

3.Үшінші сұрақ бойыша тәрбие ісінің орынбасары Қахаман А.С.

Жалпы  оқыту қорынан 33 оқушы тегін тамақтанады, сонымен қатар 1-сынып оқушылары да ыстық тамақпен қамтылуда, ал 2-3 сынып оқушылары жеңіл желпі тағамдармен  ауыл демеушілерінің

есебінен тамақтанады. Тамакатану сапасын арнайы мониторинг тобы ай сайын бақылап отырады, ал медбике күнделікті дайындалуын тексеріп, бақылап отырады.

4.Төртінші сұрақ бойыша тәрбие ісінің орынбасары Қахаман А.С.

Көктайғақ апаттарынан өз өзіңді қорғаудың ең бір дұрыс тәсілі көшелерде жол жүру ережесін сақтау болып табылады, соның ішінде: Газельдің артынан айналып өту; балаларды өз жанынан жібермеу; жолдан өтер кезде ең алдымен солға, содан соң оңға  қарау; жолдан өтуге дайындалып тұрған уақытта жол шетінде тұрмау; көлік қатты жылдамдықпен жүріп, өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.-деп ата-аналарға кенестер беріп өтті.

5.Бесінші сұрақ бойынша Мектеп медбикесі Абдрахманова Г.М..

Жаңа коронавирус қалай таралады?

Вирус тікелей қатынас арқылы, атап айтқанда, жөтелген және түшкірген кезде пайда болатын ауа-тамшы жолдары, сондай-ақ, вирус жұққан беткі жақтарды ұстағаннан кейін бетті(көзді, мұрынды, ауызды) ұстау арқылы жұғады. Коронавирус бірнеше сағат бойы заттардың беткі жақтарында тіршілік етеді, алайда оны қарапайым дезинфекциялау арқылы жоюға болады.

Мектепке келген уақытта  барлық оқушылар қолдарын антисептикпен сүрту керек;

Бетперделерін міндетті түрде тағып жүру қажет.

Оқушылар жеке бас гигиена нормаларын сақтау мақсатында, өздерімен бірге 0,5 қайнатылған ауыз суын әкелуі тиіс.

Шешімі:

1. Оқушылардың 2 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. Булингті  алдын алу мақсатында, психолог және сынып жетекшілер тарапынан қадағаланып отырсын
3. Жалпы оқыту қорының және бастауыш сыныптары тегін тамақтанылсын, тамақтың сапасы қадағаланып отырсын
4. Қысқы қауіпсіздік ережелері сақталсын
5. «Covid-19» алдын алу шаралары әрі қарай жүргізілсін

Жиналыс төрайымы: /Айтбаева М.Ж./

Жиналыс хатшысы: /Болегенова Г.Т./

## Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының №3 хаттамасы

Өтілген күні: 21.03.2022 жылы сағат 15.30-да

Қатысқандар:

Өткізілу формасы: ЗУМ платформасы (қашықтықтан)

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

5-11 сынып ата-аналары

Барлығы 74 ата-ана

Күн тәртібінде

3. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б.

2.Баяндама «Жасөспірімдерің ағзасына темекінің зияны» Ермахан Б.Б., мектеп педагог-психологы

3. Көктемгі қауіпсіздік ережелері Абдрахманова Т.Д.

4. Вирустық инфекцияларды алдын алу туралы кеңестер мектеп медбикесі Абдрахманова Г.М.

Тыңдалды:

1.Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б сөйледі.

Биылғы 2021-2022 оқу жылының 3 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырылды. Презентация арқылы оқушылардың білім деңгейін мониторинг арқылы көрсетті. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өтуі, орындалуы барысын толықтай баяндап берді. Оқушылар онлайн олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, республикалық «Мың бала» олимпиадасының бас жүлдегері 5 -сынып оқушысы Құсайын Исмади атанды. Сонымен қатар 8-сынып оқушысы Сулейменов Максат «Айқанат» олимпиадасын жеңіп, жолдама алды. Тәрбие бағыты бойынша «Елбасы медалі» Есимова Жансая бұйырды. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2 Екінші сұрақ бойынша мектеп психологы Ермахан Б.А «Жасөспірімдерің ағзасына темекінің зияны» тақырыбында баяндама оқыды.

Салауатты өмір сүру дегеніміз не? Ол- әлеуметтік тұрмысты жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және нығайту, сапалы тамақтану, зиянды әрекеттерден аулақ болу. Ал зиянды әрекет дегеніміз: қазіргі таңда етек алған заманымыздың кеселді дерттері-шылым шегу, нашақорлық ауруы.

Темекі түтінінде никотин иіс газы, көгерткіш қышқыл, аммиак, формальдегид, т.б. зиянды заттар көп. Пале (рак) ісігін асқындыратын бензопирен ерекше зиянды болып табылады. Шылым шегетіндер шылым шекпейтіндерге қарағанда пәле ауырмен (өкпе 10 есе, көмей 6-10 есе, өңеш 2-6 есе) жиі ауырады. Олардан басқа өкпенің созылмалы қабыну, туберкулез, тыныс демікпесі ауруларына жиі ұшырайды. Шылым шегуші өзіне ғана емес, сондай-ақ айналасындағыларға да зиянды. Шылым шегілген бөлмеде бір сағат болған адам шылым шеккендей уланады. Бір адамның шылым шегуі көп адамды уландырады. Шылым шегуден әйелдер мезгілінен ерте қартайып, жүкті кезінде әр түрлі ауруларға жиі ұшырайды-(баяндамадан үзінді)

3.Үшінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасарыТемирбекова Г.Ж.

Көктемде  балалардың ойын орындарын бақылауды күшейту керек. Осы кезеңде балалар су қоймаларына бармауы керек. Терең  камбалар мен шұңқырлар өмірге өте қауіпті, олар әрдайым қоршалмайды және ескерту белгілері мен белгілене бермейді.

Тыйым салынады:
– көктемгі кезеңдешалғай су айдындарын ашыту;
– сең жүру кезеңінде өзе наркылы өтуге ;
– мұз кептелісі болған жерлерде өзенге жақындауға, бұзылып, құлайын деп тұрған тік жағалауда тұруға;
– көп ірлерде, бөгеттерде және бөгеулерде жиналуға;
– мұз кептелісіне жақындауға, жағадан мұзды итеруге, өзеннің немесе кез-келген су қоймасының тереңдігі нөл шеуге, мұзбен жүруге және оларға мінуге (балалар бірінші суда жүзу үшін барлық өзгермелі құралдар мен иесіз қайықтарды сирек пайдаланады). Балаларды ересектердің қадағалауынсыз өзенге жібермеңіз, әсіресе, сең жүру кезінде оларды өзен немесе көлді ашу кезінде мұзда болу қаупі туралы ескертіңіз.

4.Төртінші сұрақ бойынша мектеп медбикесі Абдрахманова Г.М. презентация арқылы кенестер берді.

Тыныс алу ағзаларының вирустар және бактериялармен қабынулық зақымдануы. Күнделікті өмірде ЖРВИ-ді салқын тию немесе грипп деп атайды. ЖРВИ жылдың суық мезгілінде әр түрлі вирустар: грипп, парагрипп, аденовирустар, респираторлық-синцитиальді вирустар, риновирустар, коронавирустар, парагрипп және т.б. әсерінен дамиды. Ол мынадай симптомдармен көрінеді: әлсіздік,жарықтан қорқу сезімі, қалтырау, буын және бұлшық етте ауыру сезімі, бас ауыру, жөтел , тамақта ауыру сезімі, мұрынның бітелуі, тамақтың жыбырлауы, дауыстың қырылдауы, дене қызуының көтерілуі, терлегіштік, кейде құсу, жүрек айну.

Шешімі:

1. Оқушылардың 3 тоқсандағы үлгерімі мен тәртібінің қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін
2. оқушылар арасында аталған тақырыпта профилактикалық және түсіндіру жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын
3. Көктемгі қауіпсіздік ережелері сақталсын
5. оқушылар арасында аталған тақырыпта профилактикалық және түсіндіру жұмыстары әрі қарай жалғастырылсын

Жиналыс төрайымы: /Айтбаева М.Ж./
Жиналыс хатшысы: /Болегенова Г.Т./

# Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысының №4 хаттамасы

Өтілген күні: 28.05.2022 жылы сағат 16.00-да
Қатысқандар:
Өткізілу формасы: ЗУМ платформасы (қашықтықтан)
Мектеп әкімшілігі
Сынып жетекшілер
5-11 сынып ата-аналары
Барлығы 65 ата-ана

Күн тәртібінде

4. тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі және тәрбиелік іс-шаралардың қорытындысы туралы оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б.
2.Баяндама «Бала тәрбиесіндегі мәселелер» Ермахан Б.Б., мектеп педагог-психологы
3. Судағы қауіпсіздік ережелері және мото транспорт бойынша Абдрахманова Т.Д.
4.Мектеп формасы

Тыңдалды:

1.Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің меңгерушісі Алибекова Ш.Б сөйледі.
Биылғы 2021-2022 оқу жылының оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырылды. Презентация арқылы оқушылардың білім деңгейін мониторинг арқылы көрсетті. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өтуі, орындалуы барысын толықтай баяндап берді. Биыл «Алтын белгі» медалімен Есимова Жансая үміткер. Қызыл аттетатқа да үміткерлер жоқ емес. Сейфуллин Марат. Оқушылар онлайн олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Атап айтсақ, республикалық «Мың бала» олимпиадасының бас жүлдегері 5 -сынып оқушысы Құсайын Исмади атанды. Сонымен қатар 8-сынып оқушысы Сулейменов Максат «Айқанат» олимпиадасын жеңіп, жолдама алды. Тәрбие бағыты бойынша «Елбасы медалі» Есимова Жансая бұйырды. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2 Екінші сұрақ бойынша мектеп психологы Ермахан Б.А « Бала тәрбиесіндегі мәселелер» тақырыбында презентация көрсетілді.
«Баланы бес жасқа дейін патшаңдай күт. Бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса. Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас». Бұл – халқымыздың бала тәрбиесіне қатысты ұстанған қағидасы. Ұрпақ тәрбиесіндегі осы тәсіл өзінің өміршеңдігін дәлелдеумен келеді. Біз ешқашан өзгенің таным-түсінігімен өмір сүре алмаймыз. Ұстанатын дініміз бен арқа сүйер салтымыз бар. Күнделікті өмірде дағдымызға айналған ғұрпымыз бар.
Әрине, біз отбасындағы зорлық-зомбылыққа түбегейлі қарсымыз. Өз ұрпағына, аманат етіп алған жарына қол көтеріп, зиян шектіргендер қылмыстық әрекеті үшін заң алдында жауапқа тартылуы тиіс. Алайда бала құқығын алға тартып, оның әдепсіз әрекет жасауына жол беру дұрыс емес. Бұл – бала болашағына балта шабатын қадам. (презентациядан үзінді)

3.Үшінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары: Темирбекова Г.Ж.
Ең бірінші және басты ереже – мектепке дейінгі және бастауыш сыныптағы балалар ересектердің бақылауымен шомылуға тиіс. Балаларды бақылауды барынша күшейту, түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Үлкендердің еріп жүруінсіз жасөспірімдер арнайы бөлінген орындарда ғана шомылуы мүмкін. Ең көп қайғылы оқиғалар суға шомылуға арналмаған су айдындарында орын алады. Ата-аналар балаға судағы қауіпсіздіктің барлық ережелерін айтып қана қоймай, оған қиын жағдайда өзін-өзі ұстау дағдыларын үйретуі қажет. Жасөспірімді үрейленбеуге және өзін қалай ұстау керек, не істеу керек екенін түсінуге үйрету өте маңызды.
Суға шомылу кезінде жол берілмейді:
1. Бейтаныс жерде, көпірлер мен бөгеттердің астында жүзуге.
2. Су түбінің тереңдігі мен бедерін білмей биіктіктен сүңгуге.
3. Арнайы қоршаулар мен буйкалардан жүзіп кетпеуге.
4. Қайықтарға салдарға және басқа да жүзу құралдарына жақындауға.
5. Қайықтан, кемелерден, айлақтардан суға секіруге.
6. Суда ойнау кезінде бір-бірінің қол-аяқтарынан жармасуға.

Жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерін сақтау қажет. Көлік құралын басқаруды балаларға, әсіресе мопедтер мен жеңіл мотоциклдерге тапсырмас бұрын, олардың санаттары мен рұқсат түрлерін түсіну керек.
ЖҚЕ және "жол қозғалысы туралы"Заңға сәйкес:
1. Мотоцикл-қозғалтқышының көлемі 125 текше сантиметрден асатын, басқаруға "а"құқық санаты бар 18 жастан асқан адамдар жіберілетін, қауіптілігі жоғары көлік құралы.
2. "А1" құқықтарының кіші санаты – оған шекті жылдамдығы 50 км/сағ – тан асатын және кубатурасы 125 текше сантиметрге дейінгі (ең жоғары қуаты-11 кВт-қа дейін) трициклдер, Мотоциклдер, мопедтер және квадроциклдер жатады.
Он алты жасқа толған адамдар осы ішкі санатты ала алады. Жасөспірімдер мен 16 жасқа дейінгі балаларға мұндай көлікті басқаруға тыйым салынады.
Мопед ұғымына сондай – ақ аз тісті қозғалтқышы бар (50 текше сантиметрге дейін немесе сағатына 4 кВт-тан аспайтын) және барынша қолжетімді жылдамдығы сағатына 50 км-ге дейінгі механикалық көлік құралы жатады, бұл санатқа қолайлы сипаттамалары бар құралдар-электросамокаттар, моноколесалар, аспалы қозғалтқышы бар велосипедтер, мокиктер және т.б. жатады.
Жылдамдығы сағатына 50 км-ден аспайтын және қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын көлік құралдарының жүргізушілері үшін көлікті тіркеу де, тіркеу де қажет емес.
Ескерту!!!
Егер жүру құқығы қажет емес көлік құралдарының жүргізушілеріне әлі 14 жыл болмаса, оларға жол жүру бөлігіне шығуға тыйым салынады. Балалар қауіпсіз жолдарды қолдануы керек.

4.Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары:Абдрахманова Т.Д. презентация арқылы мектеп формасы бойынша ұстанатын қағидаларды сақтау жөнінде
Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.
Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Шешімі:
1. Оқушылардың жылдық оқу үлгерімі және жетістіктері бойынша соңғы қоңырауда мадақтама қағаздармен марапатталсын.
2. Ата-аналар жазғы демалыста өз балаларына жауапкершілікті алсын, туындаған мәселелерді шешуге тырыссын
3. Жазғы және судағы қауіпсіздік ережелері сақталсын
5. келесі 2022-2023 оқу жылына алынатын мектеп формасы барлық талаптарға сәйкес келсін

Жиналыс төрайымы: /Айтбаева М.Ж./
Жиналыс хатшысы: /Болегенова Г.Т./